

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Жақсы аға



Халқымыздың арғы әдебиетінің қабырғалы өкілдерінің бірі Шал Құлекеұлы өлең шумақтарының бірін: Саясы жоқ бәйтерек, Саздауға біткен талмен тең. Жақсы ағаңыз бар болса, Алдында сары белмен тең, – деп қайырған екен. Бұл арада ол аталған ұғым мен тіркесті бір әке, бір шешеден туып-өскен бауырға емес, үлгі-өнеге тұтар қасиеті мен өзінен кейінгілерге жүрек жылуы мен жылы шуағын шаша білген рулас емес, рухтас ағаларға қатысты қолданған шығар-ау деп шамалаймыз. Ал сары бел десе, көз алдымызға шегі мен шегі, ұшы-қиыры жоқ қазақ даласының кең жазирасы келе қалатыны тағы да күмәнсіз. Кеңдік пен дарқандық, жомарттық, мәрттік пен тектілік секілді биік адамгершілік қасиеттер де исі қазақ баласына өзінің сайын даласы мен сары белінен, жомарт жерінен ауысқаны аян. Жақсы ағаны сары белге теңеу, сөз жоқ, өте ұтымды, халқымыздың танымтүсінігіне сай тамаша теңеу.

Қай кезеңде де, қай заманда да жақсы ағалардың көп болғанына не жетсін! Өйткені, осындай ізгілік пен дарқандықты мұрат тұтқан ағалар тек өз отбасы мен айналасының ғана қамын күйттемей, тұтастай өзі өмір сүріп отырған қоғамның ақыл, ой, парасат жағынан кемелдене түсуіне үлесін қоса алады. Осындай жақсы ағалардың бірі – бүкіл саналы ғұмырын ғылым мен ұстаздық қызметке арнап келе жатқан тұғыры биік тұлға Рахымжан Елешев десек, қателеспейтін шығармыз.

Біз білетін Рахаң – ақынжанды азамат. Қазіргі қазақ ғалымдарының арасында әдебиет пен өнерге жақын жүретіндігімен де ерекшеленіп тұрады. Рухани мәселелерге қатысты пікірталас өрістей қалған жағдайда, ағамыздың ойының тереңдігі, жан-жақтылығы, ой-өрісінің кеңдігі бірден аңғарылады. «Тегін адам таз болмайды» дегендей, әйтпесе, Рахымжан Елешұлы қазақ поэзиясының патриархы, Қазақстанның Халық жазушысы, марқұм Қадыр Мырза Әлімен ұзақ жылдар бойы үзеңгілес дос-жолдас бола ала ма? Әрине, бола алмайды.

Ендеше тап осы арада бүгінгі кейіп - керімізге қатысты Қадыр Мырза Әлінің тауып айтқан тағы бір сөзін келтіре кетудің де орайы келіп тұрғандай. «Атақты үкімет береді, абыройды халық береді» деп түйген екен өзінің нақылға бергісіз бір сөзін қайран Қадекең! Өте қисынды айтылғандай, Рахымжан Елешевтің үкімет пен мемлекет тарапынан алған атақтары мен марапаттары жетерлік. Ал ғылымның шаң жуытпас тарланбозына халық берген абырой ше? О, бұл енді басқа әңгіме. Халық кез келген көк аттыға абыройды бере бермейді. Басқаға жомарт болғанымен, дәл осы мәселеге келгенде халқымыз сараңдық танытқандай. Кісілік пен кішіліктен жаратылған, адамдарға қолынан келген көмегі мен қамқорлығын беруге әзір тұратындар ғана абырой арқалай алады. Міне, біздің Рахаң – осындай жаны нәзік, кім-кімге де жүрегінің жылуын тарата алатын қайырымы мол азамат.

Жаны қиналған, жабырқаған адамдарға араша түсер кезде өзінің жеке басына кейбір кедергісі келетінін біле тұра, мәселені ашық, қабырғасынан қоя алатынына да ол кісімен араласқұралас бола қалғандар куә. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тұсында Рахымжан Елешев Қазақ ауыл шаруашылығы институтының проректоры қызметін атқарған екен. Осы кезде жазықсыз жапа шеккен студенттерді қорғап қалуға мол күш-жігер жұмсағанын, әрқайсысы үшін жанашырлық танытқанын бізге кейіннен ол кісінің шәкірттерінің бірі айтып беріп еді.

Арғы-бергі тарихта егделікке жеткен кезінде де жас шағындағы күшқайратын сақтап қалған жандар жөнінде мысалдар мол. Ал дәл бүгінгі жағдайда мұндай сирек кездесетін қарым-қабілет пен зерек те сұңғыла ой иесі өзге емес, Рахымжан Елешев ағамыздың нақ өзі болып отырғанын мақтанышпен айта аламыз. Мысал керек пе? Табылады. Артығымен табылады. Сәл шегініс жасар болсақ, қазіргі кезде елімізде топырақ құнарын сақтау әрі оның сапасын көтеру өте өзекті, көкейкесті мәселеге айналған. Оны қалай шешіп реттеуге болады?

Осындай басы ашық сауалға республикада Рахымжан Елешевтің жетекшілігімен жасалған жана тұжырымдама нақты жауап бере алады. Оның үлкен стратегиялық мәні мен маңызы бар. Бұған қосарымыз – қазақстандық ғалым ұсынған ғылыми ұсыныстарға ТМД елдері де қызығушылық танытуда. Академик Рахымжан Елешев тек өзінің шыққан

тауым ғана биік болсын деген пиғылдан қашанда бойын аулақ ұстай біледі. Оның таяу және алыс шетелдердегі жетекші ғылыми орталықтармен тұрақты байланыс ұстауы – осы пікіріміздің дәлелі. Мұндай бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарының тигізетін ортақ пайдасы мол дейді агрохимия ғылымының тарланы. Ол бүгінгі күні бірнеше халықаралық және республикалық жобаларды жасауға жетекшілік жасап жүр.

Жоғарыда айтылғандай, егіншілік пен өсімдік шаруашылығында топырақ құнары төмендесе, оның сапасын тыңайтқыш қолдану арқылы көтеруге болатыны белгілі. Ғалымның айтуынша, мұның да мәнісі бар. Тыңайтқыш қолданудың жөні осы екен деп оны бұрынғыша қолдана беруге мүлдем болмайды. Келешекте бұл өміршең технологияларға арқа сүйеуге тиіс. Бүгінгі күні Рахымжан Елешев бастаған қазақстандық ғалымдар тобы осы технологияны өндіріске енгізу үшін Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым министрліктерімен және саладағы жергілікті ведомстволармен тығыз байланыста қоян-қолтық қызмет жасап жүр. Мұндай жағдайда республика облыстары мен аймақтарындағы қажетті кеңестер берудің де маңызы жоғары. Р. Елешев одан да еш тартынып көрген емес.

Біз Рахымжан ағамызбен елге келген сапарларында және Алматыға жолымыз түскен кездерде кездесіп, жолығысып қалып жүретінбіз. Сондай уақыттарда академикпен қазақтың киелі де қасиетті жері, топырақ құнары, онда өсірілетін Қазақстан астығы жөніндегі ой-толғамдарын тыңдаудың да сәті түсіп қалатыны бар. Сапалық жағынан келсек, қазақ топырағында өскен жаздық бидайға жер шарында тең келері жоқ. Өйткені, қамырлылығы өте жоғары. 30-35 пайызға дейін жетеді. Бидайының сапасы тәуір делінетін Канаданың өзі еліндегі бидайға Қазақстанда өсірілген бидайды араластырып, қажетті өнімдерін шығарады.

Міне, осындай сапалы астығымыздың бұған дейінгі мәртебесін сақтап қалуымыз үшін топырақ құнарын кемітпеуіміз керек. Тек сонда ғана мол да сапалы өнім ала аламыз дейді ол. Қазақ ғалымының тұжырымдауынша, қазақ топырағында өсіп-өнген дақыл үшін төл технология қажет. Оны ойлап тауып, өндіріске енгізген кезде ғана ісіміз оңға басары анық деп санайды Р.Елешев. Қазақ жері, қазақ топырағы десе, Раханның ет-жүрегі одан әрі езіле түседі. Жер – баға жетпес байлық. Қымбат қазына. Ата-бабаларымыздан қалған сый. Жердің де жүрегі бар. Ол да сыздайды. Оны күтпеудің, бабын таппаудың зардабы орасан зор деп қауіп етеді асыл аға.

Осының алдында айтып өткеніміздей, ғылым тарланы ашқан ғылыми жаңалықтар өндірістің сұранысына ғылыми тұрғыда жауап бере білуімен құнды. Ең бастысы, Рахымжан Елешев – агрохимия мен топырақтану саласы бойынша Қазақстанда өзіндік бір мектеп қалыптастыра білген жаңашыл жан. Оның дәл осы бағыттағы сан қырлы қызметі халықаралық ауқымда кеңінен мойындалуы бәріміз үшін зор мерей. Осы саладағы іргелі ізденістерден үйренгісі келетіндер әлемнің әр қиырынан табылады. Мүмкін, ғалым бақыты дегеніміз де осы шығар.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дегендей, Рахымжан Елешұлының тағы бір қымбат қасиеті еліміздің ауыл шаруашылығына қажетті ғылыми кадрлар әзірлеуден көрініс табады. Атап айтқанда, ол кісінің жетекшілігімен 43 кандидаттық және 19 докторлық еңбек қорғалыпты. Рахан ұстаздық-тәлімгерлік қызметін осымен шектеп отырған жоқ. Ғалым бүгінгі таңда үш PhD докторы мен бес магистрантқа жетекшілік етуде.

Көрнекті тұлғаның бүкіл ұстаздық қызметі мен ғылымдағы жолы Қазақ ауыл шаруашылығы институтымен тығыз байланысты. Рахымжан Елешұлы осы жоғары оқу орнының мәртебесі одан әрі биіктеуіне сүбелі үлесін қоса білді. Бір сөзбен айтқанда, мұндағы ұжым беделінің өсуіне Рахымжан ағамыздың тигізген ықпалы мол. Ашығын айтқанда, дәл Рахымжан Елеш - ұлындай өз ұжымының ыстығына күйіп, суығына тоңа білген тұлғасыз еліміздегі ауыл шаруашылығына қажетті мамандар әзірлеп отырған бас жоғары оқу орнының бәсі қазіргісінен төмендеу, олқылау тұра ма еді, қайтер еді? Сөз жоқ, төмендеу тұрар еді. Өйткені, жақсы аға қай кезде де осы оқу орнының шын жанашыры мен патриоты болып келеді.

Р.Елешевті білетін жандардың түсінігінде ол аса зиялы азамат. Ал зиялы деп кімдерді айтамыз? Әрине, бұл сауалға әртүрлі жауаптар қайтаруға болатын шығар. Дегенмен, дәл осы тұста Мұстафа Шоқайдың: «Зиялы дегеніміз – өз ұлтының мұңы мен мұқтажын сезіне отырып, халқын еш нәрсеге сатпай, қорғай білетін азамат» деген анықтамасы ұтымдырақ естіледі. Өз ұлтына деген жанашырлық, оның мұңмұқтажына ортақтаса білу тұрғысынан келгенде, академик Рахымжан Елешевтің бойындағы қасиеттер де үлгі тұтуға әбден тұратындай.

Кішіні арқасынан қақ, үлкенді сыйла. Қинасаң, өзінді ғана қина. Үлкендік пен ұстаздықтың белгісі – кешірімді бола білу деген қағиданы ұстанған Рахымжан Елешев сынды қазақтың жаны жайсаң, қарапайым да қайсар азаматы, өзінен кейінгілерге жақсы аға бола білген жан бүгінде өмірдің қия белінде елінің өсіпөркендеуіне шаршамай-шалдықпай өз үлесін қосып келеді.

Темір ҚҰСАЙЫН